

## **2007 жылғы 1 маусымдағы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы**

2007 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды, олардың республика аймақтарында 59 филиалы мен 60 өкілдігі бар. Алматы қаласында 12 қор және Жезқазған қаласында 1 қор («Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, корпоративті) және Ақтөбе қаласында 1 қор («МұнайГаз-Дем» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ) бар.

2007 жылғы 18 мамырда «РЕСПУБЛИКА» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензия алды.

Агенттік Басқармасының 2007ж. 12 мамырдағы №139 қаулысына сәйкес зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметті жүзеге асыруға «Жинақтаушы зейнетақы «Валют-Транзит Қоры» АҚ-ға берілген лицензия қайтарып алынғандығын атап өту керек.

11 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиялары болды, оның ішінде 6 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: «МЖЗҚ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «ТұранӘлем Банк» АҚ еншілес ұйымы» «БТА Қазақстан» ЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі - «БТА Қазақстан»), «Капитал» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ және «Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ және «Отан» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ.

«Альфа Траст» ЗАИБЖАҰ» АҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясының қолданысы ерікті қайтаруға байланысты тоқтатылғандығын атап өту қажет.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті жүзеге асыруда. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетеді: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТЕМІРБАНК» АҚ, «Еуразия Банкі» АҚ, «АТФ Банкі» АҚ.

### **Қорлардың салымшылары (алушылары)**

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны мамыр айында 48 783 (0,55%) ұлғайып, 2007 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 8 857 590 болды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының ең көп саны 4 қорда болды: «МЖЗҚ» – 27,15%, «Қазақстан Халық Банкі» – 20,54%, «ҰларҮміт» – 15,01% және «БТА Қазақстан» – 8,95% немесе олардың үлесіне салымшылардың (алушылардың) шоттарының жалпы санының 71,65% келеді. Ағымдағы жылдың мамыр айында 4 қор бұрынғы деңгейде сақталынды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны ағымдағы жылдың мамыр айында 307 (0,79%) өсіп, 2007 жылғы 1 маусымда жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 708,6 млн. теңгемен 39 335 болды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары барлық қорларда болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: «Сенім» – 48,88%, «ҰларҮміт» - 15,21%, «Капитал» – 15,35% немесе «Д.А. Қонаев атындағы» - 12,91% немесе осы төрт қордың үлесіне шоттардың жалпы санының 92,35% келді.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары «ҰларҮміт» және «Қазақстан Халық Банкі» қорында болды. Салымшылардың жалпы саны 2007 жылғы 1 маусымда 3 816 құрады, дербес зейнетақы шоттарында 39,3 млн.теңге болды.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) шоттары санының өсімі жалпы қорлар бойынша өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталады:

Салымшылардың (алушылардың) шоттары:	01.06.06.	01.06.07.	Өсім	Өсу қарқыны (%-бен)
-міндетті зейнетақы жарналары бойынша	7 929 418	8 857 590	928 172	11,71
- ерікті зейнетақы жарналары бойынша	32 840	39 335	6 495	19,78
- ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	3 686	3 816	130	3,53

#### Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары мамыр айында 27,8 млрд. теңгеге (2,82%) ұлғайып, 2007 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 1 014,5 млрд. теңгені құрады.

2006 жылы жинақталған зейнетақы қаражаттардың орташа айлық өсімінде - 21,8 млрд. теңге болса, ағымдағы жылдың қаңтар-мамырында ол 21,0 млрд. теңгені құрады немесе 0,8 млрд.теңгеге (3,67%) төмендеді.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттарының өсу қарқыны жинақтаушы зейнетақы жүйесінің өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталады:


(млрд. теңге)

Күні	Жинақталған зейнетақы қаражаттары сомасы	Өсім	Жинақталған зейнетақы қаражаттарының өсу қарқыны (% -бен)
01.06.2004	406,1	100,1	32,71
01.06.2005	542,1	136,0	33,49
01.06.2006	757,4	215,3	39,72
01.06.2007	1014,5	257,1	33,94

Көрсетілген кестеден жинақталған зейнетақы қаражаттарының абсолютті өсу барысында олардың өсу қарқынының 2006 жылғы 1 маусымнан бастап 2007 жылғы 1 маусымға дейінгі кезеңде 5,78 пайыздық тармаққа төмендегенін көруге болады.

Қорлар арасында ең көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына мынадай қорлардың салымшылары (алушылар) ие: жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасынан «Қазақстан Халық банкі» – 28,69%, «МЖЗҚ» – 17,55%, «ҰларҮміт» – 17,20%, «БТА Қазақстан» – 9,98% және «ГРАНТУМ» - 6,31% . Жалпы алғанда, осы 5 қорға жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 79,73% келді.

**2007 жылғы 1 маусымдағы қорлардың жинақталған зейнетақы қаражаттарының құрылымы**



Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2007 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 279,2 млрд. теңге болды немесе 2007 жылғы 1 мамырмен салыстырғанда 3,34%-ға артты.

«Таза» инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

(млрд. теңге)				
Күні	«Таза» инвестициялық кіріс сомасы	Өсім	Өсу қарқыны (%-бен)	Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-бен)
01.06.2004	100,7	16,1	19,03	24,80
01.06.2005	129,5	28,8	28,60	23,89
01.06.2006	205,0	75,5	58,30	27,07
01.06.2007	279,2	74,2	36,20	27,52

Көрсетілген кестеде «таза» инвестициялық кірістің 2004 жылғы 1 маусымнан бастап 2007 жылғы 1 маусымға дейінгі өсу қарқыны 17,17 пайыздық тармаққа ұлғайғаны байқалады. Дегенмен, 2006 жылы 1 маусыммен салыстырғанда «таза» инвестициялық кірістің өсу қарқыны 22,10 пайыздық тармаққа төмендегені байқалды.


«Таза» инвестициялық кіріс сомасының орташа айлық өсімі 2006 жылы 8,4 млрд.теңге, ағымдағы айдың қаңтар-мамыр айларында ол 4,7 млрд.теңге болды немесе 1,8 есе төмендеді.

Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі 2004 жылдың 1 маусымнан бастап 2007 жылғы 1 маусымға дейін 2,72

пайыздық тармаққа ұлғайды. Ағымдағы жылдың мамырында үлес 0,14 пайыздық тармаққа өсті.

Жалпы зейнетақы жарналардың түсуі мамырда 18,8 млрд. теңгеге (2,51%) ұлғайып, 2007 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 770,4 млрд. теңге құрады.

### Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд.теңгемен)



Міндетті зейнетақы жарналарын уақытында ұстап қалмауға және аудармауға байланысты **өсімпұл сомасы** өсуі жалғасуда, ол 2007 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 6,2 млрд. теңге болды немесе ағымдағы жылдың 1 мамырымен салыстырғанда 2,58% өсті. Өткен жылдың тиісінше кезеңімен салыстырғанда өсімпұл сомасы 1,8 млрд. теңгеге немесе 39,43%-ға ұлғайды.

Зейнетақы төлемдері және сақтандыру ұйымдарға аударымдар мамырда 1,1 млрд. теңгеге (2,07%) өсіп, 2007 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 54,5 млрд. теңге болды, оның ішінде сақтандыру ұйымдарына зейнетақы аннуитет шарттары бойынша аударылған жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 113,3 млн. теңге құрады. Ағымдағы жылдың қаңтар-мамырында сақтандыру ұйымдарына зейнетақы аннуитет шарттары бойынша жалпы сомасы - 0,6 млн. теңге жинақталған зейнетақы қаражаттары аударым жасалды.

Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) өз жинақталған зейнетақы қаражаттарын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдаланды, нәтижесінде жинақталған зейнетақы қаражаттар аударымдары мамырда 5,9 млрд. теңгеге (3,70%) өсіп, 2007 жылғы 1 маусымда 166,4 млрд. теңге болды.


Жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударудың барынша көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗҚ» - 36,61%, «ҰларҮміт» - 14,38%, «Қазақстан Халық Банкі» - 11,21%, «БТА Қазақстан» - 6,19% және «ГРАНТУМ» - 5,97% немесе осы 5 қорға аударымдардың жалпы сомасының 74,81% келеді.

### Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

2007 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2007 жылғы 1 мамырдан бастап 28 927 млн. теңгеге немесе 2,93%-ға өсіп 1 015 748 млн. теңге болды.

2006 жылғы 1 маусымнан бастап 2007 жылғы 1 маусым аралығы кезеңінде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 22,9 млрд. теңге болды.

### Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



### Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ ЖЗҚ 1	Зейнетақы активтері	
	млн. теңге 2	% 3
"Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	292 204	28,77
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	178 216	17,54
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	173 863	17,12
«ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	173 863	17,12
«ТұранӘлем Банк» АҚ еншілес ұйымы» «БТА Қазақстан жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	101 737	10,02
"Bailyk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	81 710	8,04
"Д.А. Қонаев атындағы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	5 518	0,54
"МұнайГаз - Дем" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	24 573	2,42
«СЕНІМ» ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	37 347	3,68
"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	14 272	1,40
«GRANTUM Asset Management» ЗАИБЖАҰ» АҚ	64 152	6,32
«ГРАНТУМ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	64 152	6,32

"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ» АҚ	27 565	2,71
"Жинақтаушы зейнетақы Валют-Транзит Қоры" АҚ	27 565	2,71
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ	26 027	2,56
"Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	26 027	2,56
"Капитал" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	24 888	2,45
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	23 339	2,30
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	22 047	2,17
<b>Зейнетақы активтерінің жиынтығы</b>	<b>1 015 748</b>	<b>100,00</b>

2007 жылғы 1 маусымда инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 2007 жылғы 1 мамырдан бастап 38 416 млн. теңгеге немесе 3,96%-ға өсіп 1 007 853 млн. теңгені құрады.

#### ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	01.06.2007г.	
	млн. теңге	%
<b>ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>297 364</b>	<b>29,50</b>
ҚР еурооблигациялары	0	0,00
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	213 017	21,13
Ұлттық Банктің ноттары	84 347	8,37
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	0	0,00
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>	<b>83 019</b>	<b>8,24</b>
акциялар	5 815	0,58
облигациялар	77 204	7,66
<b>Шетел инвестициялық қорлардың пайлары</b>	<b>0</b>	<b>0,00</b>
<b>Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары</b>	<b>0</b>	<b>0,00</b>
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары</b>	<b>2 965</b>	<b>0,29</b>
<b>Тазартылған алтын</b>	<b>5 712</b>	<b>0,57</b>
<b>ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>452 816</b>	<b>44,93</b>

акциялар	170 183	16,89
облигациялар, оның ішінде:		
АҚШ долларына номинирленген	282 633	28,04
теңгеге номинирленген	1 372	0,14
	280 293	27,81
<b>Екінші деңгейдегі банктердің салымдары</b>	<b>165 182</b>	<b>16,39</b>
<b>Туынды бағалы қағаздар</b>	<b>795</b>	<b>0,08</b>
<b>Жиынтығы</b>	<b>1 007 853</b>	<b>100,00</b>

Келтірілген деректерден көріп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 2007 жылғы 1 мамырмен салыстырғанда 27 186 млн. теңгеге немесе 10,06%-ға өсіп, 297 364 млн. теңге немесе 29,50% болды. Қазақстан Республикасы эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздар көлемінің өсуі 2007 жылғы мамыр айында 10 219 млн. теңге немесе 2,31% болды. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі 3 578 млн. теңгеге немесе 2,12%-ға азайып, 165 182 млн. теңге болды.

Зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ зейнетақы активтерін екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға тек ұлттық валютада орналастыратынын атап өткен жөн.

2007 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінде халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары жоқ. ЖЗҚ-ның жиынтық портфеліндегі шетелдік эмитенттердің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі 2 965 млн. теңге (0,29%) құрады. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 8,24% болды, бұл 2007 жылғы 1 мамырдағы ұқсас көрсеткіштен 0,65 пайыздық тармаққа көп.

#### **Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер**

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша 2007 жылғы 1 маусымдағы номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті:

- 2002 жылғы мамыр – 2007 жылғы мамыр кезеңіне - 47,93%;
- 2004 жылғы мамыр – 2007 жылғы мамыр кезеңіне – 28,93%;
- 2006 жылғы мамыр – 2007 жылғы мамыр кезеңіне - 7,88%.

Бұл ретте зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің түзетілген коэффициенті 2002 жылғы мамыр - 2007 жылғы мамыр кезеңіне 44,94%.

ЖЗҚ бөлігінде номиналды кірістің коэффициенттерінің мәндері туралы ақпарат Web-сайтта [www.afn.kz](http://www.afn.kz) орналастырылды.

#### **Қорлардың қаржылық жағдайы**

Ағымдағы жылдың қаңтар-сәуірдегі жағдай бойынша қорлардың қаржылық жағдайы мынадай көрсеткіштермен сипатталды.

	(млн. теңге)		
	01.01.07	01.06.07	Өсімі (%-бен)
Жарғылық капитал	6 501,0	6 806,7	4,70

Қалыптасқан резерв капиталы	1 662,0	4 091,0	в 2,5 раза
Бөлінбеген кіріс (өтелмеген шығын)	11 288,5	10 323,2	8,55 (снижение)
оның ішінде ағымдағы жылы қаңтар-мамыр айларына		2 502,6	-
Барлық капитал	20 598,1	23 723,3	15,17
Міндеттемелер	1 815,9	1 712,6	5,69 (снижение)
Барлық активтер	22 414,1	25 439,9	13,50
Қаржылық инвестициялар	13 676,9	18 802,7	37,48

Берілген кестеде қорлардың жалпы капиталы ағымдағы жылдың қаңтар-мамырында 3 125,2 млн. теңгеге немесе 15,17% өсті, қаржылық инвестициялар – 5 125,8 млн. теңгеге (37,48%) өсті.

Ағымдағы жылы қаңтар-мамыр айларында тек 2 қор: «Сенім» және қайтадан құрылған «РЕСПУБЛИКА» қоры жалпы сомасы 123,4 млн. теңгеге шығын жасады. Дегенмен, жалпы қорлар бойынша жалпы сомасы 2 502,6 млн. теңге (табыс салығын төлегеннен кейін) таза пайда алды.

### Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Экономикадағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы	01.01.04	01.01.05	01.01.06	01.01.07	01.06.07
ЖІӨ млрд.теңге	4 612,0	5870,1	7 453,0	10 139,5	12 464,1
Зейнетақы активтерінің ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	7,99	8,24	8,70	8,97	8,14
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	5,99	6,48	6,88	6,74	6,18
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	2,15	1,95	2,08	2,52	2,24
Қорлардың меншікті капиталының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	0,14	0,14	0,16	0,20	0,19